T.C.
EGE ÜNİVERSİTESİ
TÜRK DÜNYASI ARAŞTIRMALARI ENSTİTÜSÜ

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Дуйсенова Маржанның «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік жетекшінің**

# П І К І Р І

Қазіргі бастауыш білім беру жүйесінде оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуда және білімін көтеруде сөз тіркестерінің құрылымдық үлгілері игі ықпалын тигізеді. Себебі, бүгінде жас өскелең ұрпақ білім беру үдерісінің обьектісі ретінде қаралмауда. Жаңа білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың теориялық ойлауы мен шығармашылық қабілетін дамытып, оқу барысында алған білімін іс жүзінде қолдана алатын субъектіге айналдыру болып табылады. Ендеше, оқушылардың қатысымдық құзырет-тілігін қалыптастырушы білім беру жүйесінің пайда болуы қоғамдағы түбегейлі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты қарыштап дамытуға негізделген жаңа тұлғаны қалыптастыруды көздеген уақытта ғана пайдалы болары анық.

Диссертацияның алғашқы бөлімінде докторант бастауыш мектеп оқушыларының тілін зерттеп, олардың қатысымдық құзыреттілігін филолсофиялық, педагогикалық, психологиялық және тәрбиелік тұрғыдан қарастырып, осы тақырыптың теориялық-әдіснамалық негізін көрсеткен.

Диссертацияның екінші бөлімінде сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жайы талданған, ұсынылатын тиімді әдістер мен оқыту технологиялары жүйеленген.

Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісінде сөз тіркесіне қатысты оқу материалдарын меңгертудің түпкі нәтижесі оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, оның сан салалы педагогикалық, әдістемелік мәселелері теория мен практиканың бірлігінен

туындайды, арнайы зерделенген осындай әдіснамалық негіздер басшылыққа алынған.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмыстар бөлімінде ізденуші бастауыш мектеп оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың тиімді түрлерін, әдіс-тәсілдерін, жаңа бағдарламасын ұсынған.

Ізденушінің тәжірибелі-эксперимент жұмыстарының жүйесі зерттеу жұмысының міндеттері мен болжамының дұрыстығын дәлелдейді.

М.Дуйсенованың жұмысы бойынша оның зерттеу біліктілігінің жоғары екендігін, әр кезең бойынша жүйелі түрде жұмыс жасап, нәтижеге жеткендігін аңғаруға болады.

Іріктелініп алынған сөз тіркестерінің үлгілерін сабақ үстінде, яғни бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін дамыту сабақтарында жаттығулар мен тапсырмалар арқылы жүйелей білген.

Ғылыми әдістемесін ұсынған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеген: Олар,

1) Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар мен мәтіндер жүйесі ұсынылған және ендірген;

2) Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді жаңа инновациялық технологиялар: дамыта оқыту технологиясы, интербелсенді әдістерді пайдалану технологиясы негізінде оқытудың өзіндік белгілері айқындалған және әдістеменің тиімділігін тәжірибеде дәлелдеген;

3) Бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі ұсынылған;

4) Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған сабақтардың олардың шығармашылық қабілетін дамытудағы ұтымдылығы айқындалған.

Диссертациялық жұмыс құрылымдық жағынан еш күмән келтірмейді, ғылыми аппараты дұрыс құрылған. Ізденушінің зерттеу жұмысының мәтіні кесте, суреттер арқылы көрініс табуы өте орынды.

М.Дуйсенова белсенді әдістерді қолдану арқылы сабақ жүргізе отырып, оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамытумен қатар, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін, логикалық ойлауын, мәдениетті сөйлеу және теориялық ой-пікір қорыту дағдыларын қалыптастыруға ден қойып, кеңінен қарастырған. Зерттеу барысында қазіргі кезеңде сөз тіркестерін

қалыптастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері сараланып, түрлі оқыту формаларын ұсынған.

Ғылыми жұмысы мазмұнды, тілі жатық, түсінікті, негізгі ойдан алшақтамай дәл бере білген. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстарының нәтижелері көңілге қонымды, қазіргі қалыптасқан жағдайдан толық мәлімет беріп, оны жетілдірудің жолдарын көрсеткен.

Зерттеу жұмысының жүйелі баяндалуы, тәжірибелі-эксперимент жұмыстарының қорытындысы, ұсыныстары күмән туғызбайды.

М.Дуйсенованың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерін саралай отырып, «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» атты тақырыбындағы диссертациясы 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысын шетелдік ғылыми жетекші ретінде аяқталған жұмыс деп бағалаймын.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**

**Эгей университеті,**
**Түркі әлемін ғылыми-зерттеу институты**
**доктор, профессор (қолы/мөр) Г.Гүлсевин**

Prof.Dr. Gürer GÜLSEVİN
Ege Üniversitesi
Türk Dünyası Araştırma Enstitüsü
Türk Dili ve Lehçeleri Ana Bilim Dalı
Bornova - İzmir / TÜRKİYE

T.C. Ege Üniversitesi, Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü, Bornova-İZMİR
e-mail: gurergulsevin@gmail.com, GSM +90 505 5009103

T.C.
EGE ÜNİVERSİTESİ
TÜRK DÜNYASI ARAŞTIRMALARI ENSTİTÜSÜ

# RAPOR

| | |
|---|---|
| **KONU**: | K. A. Yasavi Atındagı Halıkaralık Kazak-Türik Üniversitesinin "6D011700 – Kazak Dili ve Edebiyatı" Bölümü Doktora öğrencisi Marjan Düseynova!nın "İlköğretim Öğrencilerinin Kelime Grubu Öğrenim Sürecine Katılma Becerilerinin Oluşturulmasına Yönelik Bilimsel ve Metodolojik Esaslar (İlköğretim Materyallerine Göre)" başlıklı doktora tezi hakkında |
| **Rapor Yazan**: | Prof. Dr. Gürer GÜLSEVİN (Yabancı-Dış Danışman) Ege Üniversitesi, Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü, İzmir-TÜRKİYE |

Günümüz ilköğretim sisteminde öğrencilerin kişisel yeteneklerini geliştirmede, bilgisini yükseltmede deyimlerin, kelime gruplarının yapıları önemli katkılar sağlamaktadır. Çünkü, günümüzde yeni yetişen nesiller, öğretim sürecinin objesi olarak kabul edilmemektedir. Yeni eğitim sisteminin temel amacı, öğrencilerin yaratıcı yeteneklerini geliştirmek ve aldıkları teorik bilgileri uygulanabilir hâle getirmek olmalıdır. Öyleyse, öğrencilerin katılma becerilerini oluşturucu eğitim sisteminin ortaya çıkışı, toplumdaki önemli değişimler ve kişiler arasındaki münasebetlerin aşamalı olarak gelişmesiyle ilgili ve insan yetiştirmeyi amaçladığı zaman faydalı olur.

Bu bakımdan, Marjan Düysenova'nın "İlköğretim Öğrencilerinin Kelime Grubu Öğrenim Sürecine Katılma Becerilerinin Oluşturulmasına Yönelik Bilimsel ve Metodolojik Esaslar (İlköğretim Materyallerine Göre)" adlı doktora çalışması çok orijinaldir. Marjan Düseynova'nın araştırması, günümüzde uluslararası eğitim sisteminde çok önemli mesele olarak görülen ilköğretim öğrencilerinin katılım becerilerinin oluşması problemini araştırmaya yönelmiştir.

Doktora tezinin birinci bölümünde Marjan Düseynova, ilköğretim öğrencilerinin dillerini inceleyip dilsel, eğitimsel, psikolojik ve kültürel açıdan bakarak, katılma becerilerinin oluşturulması konusunda teorik-metodik esaslar ortaya koymaktadır.

T.C. Ege Üniversitesi, Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü, Bornova-İZMİR
e-mail: gurergulsevin@gmail.com, GSM +90 505 5009103

T.C.
EGE ÜNİVERSİTESİ
TÜRK DÜNYASI ARAŞTIRMALARI ENSTİTÜSÜ

Tezin ikinci bölümünde ilköğretim ders kitaplarının dil özellikleri istatistik açıdan araştırılıp, burada karşılaşılan deyimlerin, söz gruplarının tipleri ortaya konmuştur. M. Düseynova eğitim bilimine matematiksel metodu başarılı bir şekilde uygulamıştır.

Belirlenen söz grubu modellerini ders sürecinde, yani ilköğretim öğrencilerinin katılma becerilerini geliştirme derslerinde ödevler ve uygulamalar ile sistemleştirebilmiştir.

M. Düseynova dersleri aktif sistemler yardımıyla yürüterek öğrencilerin katılma becerilerini geliştirmekle birlikte, onların kişisel yeteneklerini, mantıklı düşüncelerini, kendi görüşlerini söyleme alışkanlıklarını oluşturma becerilerini incelemiştir. Araştırmanın teorik esasları yanında, bazı okullara gidip kesin ve kanıta dayanan, uygulama çalışmaları da yürütmüştür. Uygulama çalışmalarında öğrenci kriteri temel alınıp, ihtiyaca göre sıralayıp, karşılaştırmalı, sistemli metotlar kullanılmıştır.

Marjan Düseynova'nın araştırma yönteminde ulaştığı sonuçlarını analiz ettikten sonra; "İlköğretim Öğrencilerinin Kelime Grubu Öğrenim Sürecine Katılma Becerilerinin Oluşturulmasına Yönelik Bilimsel ve Metodolojik Esaslar (İlköğretim Materyallerine Göre)" adlı doktora tezinin yabancı danışmanı olarak savunulmaya lâyık olduğunu düşünüyorum.

Saygılarımla.

Prof. Dr. Gürer GÜLSEVİN
Yabancı Danışman

Ege Üniversitesi
Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü
İzmir-TÜRKİYE

Prof.Dr. Gürer GÜLSEVİN
Ege Üniversitesi
Türk Dünyası Araştırma Enstitüsü
Türk Dili ve Lehçeleri Ana Bilim Dalı
Bornova - İzmir / TÜRKİYE